

«Жалпы білім беру пәндері» кафедрасы

Лекцияның тақырыбы:
Отбасы және гендер әлеуметтануы

Лекцияның жоспары:

- 1. Отбасы, неке түсінігі, отбасының символдық белгілері*
- 2. Некелік-отбасылық қатынастардың тарихи типтері*
- 3. Отбасының функциялары және дисфункциясы, оны шешу жолдары*
- 4. «Жыныс» және «гендер» ұғымдарының мәні мен мазмұны*

Қорытынды

Лекцияның мақсаты:

- Әлеуметтік институт ретіндегі отбасы мен некенің мәні мен мағынасын ашып көрсету;*
- Отбасы және неке институттарының теориясы, ерекшеліктері, тарихи типтері жайында мағлұмат беру;*
- Отбасының негізгі функцияларымен таныстыру;*
- Қазіргі таңдағы отбасылық проблемалар жайында түсінік беру;*
- «Гендер» ұғымының мән-мағынасын, түрлі қоғамдардағы көріністері жайында түсінік беру*



Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер:

- Әбсаттаров Р.Б., Дәкенов М.
Әлеуметтану. Оқу құралы. 2- кітап.-
Алматы: Қарасай баспасы, 2013*
- *Добреньков В.И., Кравченко А.И.
Социология. Т. 3. Социальные
институты и процессы. М., ИНФРА, 2000*
 - *Социология. Основы общей теории / Отв.
ред. Г.В. Осипов. -М.: Норма, 2008*
 - *Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы.
Оқу құралы.- Алматы: «Қазақ
университеті», 2010*

Негізгі ұғымдар:

Отбасы, неке, промискуитет, қандық туыстыққа негізделген отбасы, пуналуалдық , синдиасмиялық, моногамдық отбасылар, кеңейтілген, нуклеарлық, толық және толық емес отбасылары, патриархалдық және матриархалдық отбасылар, полиандрия, полигиния, моногамия, экзогамия, эндогамия.



Отбасы–әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топтың белгілеріне ие құрылым.

- **Әлеуметтік институт ретінде отбасы:**

Ерлі-зайыптының, ата-ана мен балаларының және басқа да туыстармен арадағы қарым-қатынастарды реттейтін әлеуметтік нормалардың, санкциялар мен мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы ретінде сипатталады.

- **Шағын әлеуметтік топ ретінде отбасы:**

Некенің немесе қандық туыстық негізінде қалыптасқан, мүшелері арасындағы байланыс - тұрмыстың орақтығы, өзара көмек, ерлі-зайыптылардың балаларының денсаулықтары мен тәрбиесіне деген моральдық жауапкершіліктері негізінде пайда болатын қауымдастық ретінде сипатталады.

Отбасы - әр қоғамдағы халық санының тұрақты түрде өсуін қамтамасыз ететін орта.


Отбасының негізін некелескен жұптар (толық емес және некеге тұрмаған отбасыларды қоспағанда) құрайды.

Некенің маңызды принциптеріне - жар таңдау еркіндігі, сүйіспеншілік, өзара сыйластық және т.б. жатады.

Қоғам некелік байланыстардың нығаюына, отбасының тұрақтылығына мүдделі.

Әр мемлекеттің отбасы және неке туралы заңдары бар және олар отбасы мүшелері арасындағы және отбасы мен қоғамның, мемлекеттің арасындағы қатынастарды реттеп отырады.






Морган Льюис Генри (1818-1889)

Американдық антрополог,
эволюционизм теориясының
негізін қалаушылардың бірі.

Қоғам қайраткері, АҚШ-ғы
үндістердің құқықтарын
қорғаушы.

«Древнее общество» еңбегінде
адамзат қоғамы мен
мәдениетінің тарихи
эволюциясын негіздеген.

Қоғам дамуының тағылық,
варварлық және өркениет деген
үш сатысын зерттей келе,
алғашқы екі сатыны төменгі,
орта және жоғарғы деп жіктейді.



Льюис Морган бойынша отбасының даму кезеңдері

Промискуитет – тағылықтың төменгі сатысы, қауым мүшелерінің арасындағы жыныстық қатынастарға ешқандай шек қойылмаған

Қандық-туыстық отбасы – топтық, эндогамиялық неке, жыныстық қатынастар бір ұрпақ ішінде болады

Пуналуалдық – әйел адамдар жағынан туыстар арасында жыныстық қатынастарға тиым салынады, неке әртүрлі рулар арасында

Синдиасмиялық - полигамия, ерлер бірнеше әйелмен некелесе алады, неке жиі бұзылады, балалар аналарымен қалады

Моногамдық отбасы - рулардың ыдырауы, жеке меншіктің шығуы себебінен неке тек ер адамның еркімен ғана бұзылатын болды.

Отбасының типтері

- **Отбасындағы ұрпақ санына байланысты:**

- Кеңейтілген (бірнеше ұрпақ өкілдерінің болуы),
- Нуклеарлық (екі ұрпақ – ата-ана және балалары),

- **ата-аналарының санына қарай :**

- Толық (әкесі мен анасының болуы),
- Толық емес (әкесі немесе шешесі ғана болады),

- **Балалар санына қарай:**

- Баласы жоқ отбасылар,
- бір баласы бар отбасылар,
- Көпбалалы отбасылар,

- **Үстемдік түріне қарай:**

- Патриархалдық (экономикалық билік ерінде),
- Матриархалдық (шаруашылықты әйел басқарады),

Отбасының типтері

- **Құрамына қарай:**

- Толық, толық емес, кеңейтілген, нуклеарлық

- **Биліктің бөлінуіне қарай:**

- Матриархалдық,
- Патриархалдық,
- Эгалитарлық,

- **Ерлі-зайыптылықтың түріне қарай:**

- Полиандрия – бір әйелдің бірнеше ерлермен некесі,
- Полигиния - бір ердің екі немесе бірнеше әйелмен некеде болуы,
- Моногамия – бір әйелмен бір ердің арасындағы неке,
- Экзогамия – түрлі әлеуметтік категорияларға жататын адамдар арасындағы неке,
- Эндогамия – бір әлеуметтік категорияға жататын адамдар арасындағы неке.

Ерлі-зайыптылардың өмір сүру формалары

Патрилокальды-
отбасы ерінің әке-
шешесімен
немесе соларға
жақын жерде
тұрады

Матрилокальды
отбасы әйелдің
әке-шешесімен
немесе соларға
жақын жерде
тұрады

Неолокальды
отбасы ердің де,
әйелдің де әке-
шешелерінен
бөлек тұрады

Отбасы өмір сүруінің кезеңдері (циклдары)

- **Бастапқы \ бірінші кезең – отбасының даму сатысы:**

- Некеге тұру,
- Тұңғыш баланың дүниеге келуі,
- Соңғы баланың дүниеге келуі,

- **Екінші кезең:**

- Соңғы баланың дүниеге келген сәтінен,
- Бірінші ересек баланың бөлек шығуына дейін.

- **Үшінші \ пісіп-жетілген кезең:**

- Есейген балалардың бөлек шығуы ,
- Немерелер әже-аталарынан бөлек кетеді.

- **Төртінші \ отбасының өшу кезеңі:**

- Балалардың барлығы жан-жаққа кетеді, «бос қалған ұя»,
- Ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өмірден өтуі.

Әлеуметтік стратификация

- Қоғам мүшелері әлеуметтік орны мен жағдайларына, атқаратын қызметтері мен рөлдеріне байланысты қоғамда әркелкі орналасқан
- Қоғамды страталарға жіктеудің өлшемдері – табыс деңгейі, билікке қатысы, мәртебесі, кәсіби шеберлігі, білімі, шыққан тегі
- стратификацияның негізгі түрлері – экономикалық, саяси және кәсіби.
- Әлеуметтік теңсіздікке ықпал етуші факторларға – әлеуметтік жыныс (гендер), этникалық\нәсілдік белгілер, жасы, ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігінің шектеулі болуы жатады

Отбасының теориялық талдауы

- **Құрылымдық-функционалдық талдау:**

- Отбасы – қоғамның басты тірегі.
- Ол мына функцияларды атқарады:
 - әлеуметтендіру,
 - сексуалдық мінез-құлықты реттеу – универсалды мәдени норма – жақын туыс адамдар арасындағы жыныстық қатынастар мен некеге тыйым салу;
- Әлеуметтік ұйымдарды еңбек күшімен қамтамасыз ету.
- Материалдық және эмоционалдық қауіпсіздік –қауіп-қатерден қорғау, эмоционалдық қолдау, қаржылық көмек беру

Отбасының теориялық талдауы

- **Әлеуметтік қақтығыстар теориясы:**

- **Меншік және мұрагерлік:** отбасының шығуы ерлердің өз ұлдарына дүние-мүлкін мұраға қалдыруға деген қажеттіліктен;
- Отбасы байлықтың шоғырлануы мен таптық құрылымды сақтауға ықпал етеді(Ф.Энгельс)
- **Патриархат** –әйел едің экономикалық және сексуалдық меншігі. Гендерлік теңсіздік.
- **Нәсілдік және этникалық теңсіздік** –отбасы нәсілдік және этникалық теңсіздіктің сақталуын қамтамасыз етеді. Эндогамия нәсілдік және этникалық иерархияны туғызады.

Отбасының теориялық талдауы

- Микросоциологиялық концепциялар:
- **Символикалық интеракционизм** - отбасы жақында, тығыз байланысқа негізделген. Отбасы мүшелерінің арасында эмоциялық байланыс қалыптасады.
- **Социальный обмен** – көңіл жарастығы (ухаживание) және неке келіссөз жүргізу тәрізді. Адамдар некеге тұрғанда бар мүмкіндіктен барынша тиімді істі (сделка) жасауға тырысады. Тартымды, сымбатты сырт көрінісі– «саудаласу элементі» (элемент торга) – билік пен байлық сұлулыққа айырбас.

Отбасының альтернативтік формалары

- Толық емес отбасылары,
- Некесіз бірге тұру,
- Жеке бастың бөлек тұруы,
- Гомосексуалдық жұптар:
- 1989 ж., Дания, алғашқы болып, бір жыныстық некеге салынған тыйымды алып тастады
- Норвегия (1993 ж.), Швеция (1995 ж.), Нидерланды (2001 ж.)
- 1996 ж. АҚШ Конгресі бір жыныстық некеге тыйым салу туралы заң қабылдады

Назарларыңызға рахмет